

«Б.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты» КеАҚ



«БЕКІТІЛДІ»

Ғылыми кеңес шешімімен

№1 хаттама, «27» тамыз 2024 жыл

Электрондық оқулық басылымдарын әзірлеу ережелері

Арқалық, 2024 ж.

1. Сандық білім беру ресурсы (бұдан әрі - СБР) - цифрлық нысанда сақталатын және берілетін ақпараттық білім беру ресурсы.

2. Функционалдық ерекшеліктері бойынша СБР: танымдық, негізінен теориялық материалды игеруге арналған (білім беретін аудио- және бейне дәрістер), көрнекі-танымдық - материалдарды модельдеу және көрнекі игеру үшін қолданылады (виртуалды зертханалар, зертханалық құрылғылардың функцияларын алмастыратын тренажерлер), бақылау - білімді тексеру және өткен теориялық материалды бекіту үшін (тапсырмалар мен жаттығуларды орындау және шешу үшін тест нысандары мен формалары).

3. Электрондық оқу басылымы (бұдан әрі - ЭОБ) -білім беру ақпаратының электрондық жазбасын білдіретін магниттік тасымалдағыштарға немесе жергілікті, өңірлік, жаһандық желілерде орналастырылған басылым. Оқу материалының мәртебесіне, толықтығы мен формасына байланысты ЭОБ электронды оқулықтарға, электронды оқу құралдарына, оқу видеолекцияларына, виртуалды зертханалық жұмыстарға бөлінеді.

4. Электрондық оқулық (бұдан әрі - ЭО) - жоғары ғылыми-әдістемелік және техникалық деңгейде жасалған, оқу бағдарламасына толық сәйкес келетін, осы пән бойынша жалпыға бірдей танылған негізгі білім көзі - осы пән бойынша білімнің ресми мәртебесіне және осы басылымның ISBN белгісіне ие оқу пәнін жүйелі баяндауды қамтитын негізгі оқу электрондық басылымы.

5. Электрондық оқу құралы (бұдан әрі - ЭОҚ) - оқу пәнінің ең маңызды бөлімдерін қамтитын электрондық оқу басылымы, сондай-ақ тапсырмалар жинақтары, анықтамалықтар, энциклопедиялар, карталар, атластар, оқу экспериментін жүргізу жөніндегі нұсқаулар, осы басылымның ресми мәртебесіне және осы басылымның ISBN белгісіне ие практикумға, курстық және дипломдық жобалауға арналған нұсқаулар.

6. Оқу видеодәрістері (бұдан әрі - ОВД) - оқу пәнінің жекелеген тақырыптарының мазмұнын немесе оқу бағдарламасының шеңберінен шығатын және белгілі бір оқытушының авторлық тәсілін көрсететін оқу-теориялық басылым.

7. ЭОБ негізгі мазмұннан, білімді бақылауға арналған тест сұрақтарынан тұрады.

8. Негізгі мазмұнында ЭОБ мақсаттары мен міндеттеріне, мысалдарға, тапсырмаларға қатысты оқу материалының барлық көлемі болуы керек. Теориялық материал таңдалған оқу курсы туралы өзекті ақпаратты қамтуы керек және алдыңғы деңгейлерде алған білімдерін қайталамай-ақ өз бетінше оқуға, тапсырмаларды орындауға және білімді бақылаудан өтуге жеткілікті болуы керек. Оқу материалын ұсыну түсінікті, дәл, толық болуы керек.

9. Мысалдар жаттығуларды орындау, есептерді шешу, сұрақтарға жауаптарды тұжырымдау және т. б. үшін теориялық материалдың жекелеген маңызды аспектілерін егжей-тегжейлі талдауды қамтамасыз етуі керек.

10. Тапсырмаларды тұжырымдау орындалатын әрекеттер алгоритмінің түсіндірмелерімен, сондай-ақ күтілетін нәтижелерге қойылатын талаптармен және оларды ұсыну формасымен бірге жүруі керек.

11. Тесттерде сұрақтар мен оларға жауап нұсқалары болуы керек

12. Тезаурус ЭОБ пәндік аймағына қатысты терминдер мен қысқартулардың сөздігін қамтуы керек.

13. ЭОБ жұмысында мынадай функциялар іске асырылуы тиіс: навигация; мазмұнды қарауды ұйымдастыру; оқыту және білімді бақылау; тестілеу.

14. Навигация функциясы ЭОБ құрылымында қозғалу мүмкіндігін қамтамасыз етуі керек.

15. Мазмұнды қарауды ұйымдастыру функциясы тапсырманы орындауды, сұрақтарға жауап беруді және ағымдағы білімді бақылауды қажет етпей, ЭОБ мазмұнымен алдын-ала танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуі керек.

16. Оқыту және білімді бақылау функциясы теорияны оқуға, тапсырманы интерактивті орындауға, сұрақтарға жауап беруге және бақылаудан өтуге мүмкіндік беруі керек. Бұл ретте сұрақтарға дұрыс жауаптар саны жеткіліксіз болған жағдайда, білім алушы ЭОБ-да сабақтан қайта өтуі тиіс. Оқу үзіліп, үзіліс орнынан жалғасуы мүмкін.

17. Түріне байланысты ЭОБ әзірленуі келесі кезеңдерден тұрады.

Электрондық кітапты әзірлеу келесі кезеңдерден тұрады:

1) Электронды түрде қолжазба негізінде әзірленген электронды кітап:

- Қолжазба Ғылыми кеңесте қаралады және бекітіледі;
- Қолжазба бойынша корректорлық жұмыс және қолжазбаны редакция және дизайн бөлімінде портативті эмбебап форматтарға (pdf, djvu) аудару;
- Дайын электронды кітапты Ғылыми кеңес ұсынған мөлшерде редакция және дизайн бөлімінде көбейту;
- Дайын өнімді кітапханаға тапсыру.

2) Баспа оқу басылымдары негізінде әзірленген электрондық кітап:

- Ақпараттық-кешендік кітапханада баспа оқу басылымдарын цифрландыру және портативті эмбебап форматтарға (pdf, djvu) аудару;
- Дайын электронды кітапты Ғылыми кеңес ұсынған мөлшерде редакция және дизайн бөлімінде көбейту;
- Дайын өнімді кітапханаға тапсыру.

Электрондық оқу құралын әзірлеу келесі кезеңдерден тұрады:

1) ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі грифімен электронды оқу құралы:

- РОӘК-те қолжазбаны қарау және бекіту;
- Баспадағы қолжазба бойынша корректорлық жұмыс;
- Қолжазба негізінде электронды оқу құралын әзірлеу;
- «Оқулық» орталығында электрондық оқу құралын сараптау және ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі грифін беру;
- Дайын электронды оқу құралын көбейту;
- Дайын өнімді кітапханаға тапсыру.

2) Институт грифімен электрондық оқу құралы:

- Қолжазба Ғылыми кеңесте қаралады және бекітіледі;
- Редакция және дизайн бөлімінде қолжазбамен корректорлық жұмыс;
- Қолжазба негізінде электронды оқу құралын әзірлеу;
- Дайын электронды оқу құралын Ғылыми кеңес ұсынған мөлшерде редакция және дизайн бөлімінде көбейту;
- Дайын өнімді кітапханаға тапсыру.

Электронды оқулықты әзірлеу келесі кезеңдерден тұрады:

- РОӘК-те қолжазбаны қарау және бекіту;
- Баспадағы қолжазба бойынша корректорлық жұмыс;
- Қолжазба негізінде электронды оқулық әзірлеу;
- «Оқулық» орталығында электронды оқулықты сараптау және ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі грифін беру;
- Дайын электронды оқулықты тираждау;
- Дайын өнімді кітапханаға тапсыру.

Пән бойынша оқу бейнедәрісін дайындау келесі кезеңдерден тұрады:

- Маркетинг және коммуникация бөлімінің студиясында бейнедәрісті түсіру және монтаждау;
- Дайын видеолекцияларды тираждау;
- Дайын өнімді кітапханаға тапсыру.

Танысу парағы

[illegible]